



В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі
Маектепалды «А» сыныбы
Мерекелік іс-шаралар жоспары
2023-2024 оқу жылы.

<i>№</i>	<i>Өткізілетін іс-шаралар</i>	<i>Уақыты</i>	<i>Жауапты</i>
1	Алтын шашып, күз келді!	Қазан	Дуйсенова К.М.
2	«Тәуелсіздік тұғырым»	Желтоқсан	Дуйсенова К.М.
3	«Төрлет, төрлет Жаңа жыл!»	Желтоқсан	Дуйсенова К.М.
4	«Аман болын бар әлемде аналар!»	Наурыз	Дуйсенова К.М.
5	«Жыл басы-Наурыз »	Наурыз	Дуйсенова К.М.
6	«Білім деген теңізге, дайындықпен барамын ! »	Сәуір	Дуйсенова К.М.
7	Аталарымызға мың тағзым!	Мамыр	Дуйсенова К.М.

Тақырыбы: Алтын шашып, күз келді!

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін ұғындыру.

Күзгі өнімдермен таныстыру олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Шығармашылық ой қиялдарының дамуына қарым-қатынас қалыптастыру.

Келді міне алтын күз, сары шашты жарқын күз.

Мол өнімді ісімен. Таңдандырып халқын күз.

Бүгінгі берекеліде ырысты алтын күз құрметіне арналған

Мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

«**Әнұран**» Балалар әнұранды орындайды.

Ендеше балалар барлығымыз көзді жұмып, күзді елестетейікші.

Тыныштық сәті: Күз мезгілі. Дала салқын. Таза ауа. Айналаға қарасаң, ағаштардың жапырақтары сап-сары болып жерге төгіліп жатыр. Бір кезде аспан бұлттанып жаңбыр сіркірей бастайды. Ал балалар көзімізді ашайық. Қанша күз суық болса да, әр мезгілдің бір жылылық кереметі, ерекшелігі болады.

Хор:

Алтын, сары, қызыл, көк

Алуан–алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап.

Ой алақай тамаша

Шашу шашты жапырақ.

Қазір жылдың қай мезгілі? (**Күз**)

Күзде көкеністермен жемістерді неге жинап аламыз? (**Піскеннен кейін жинап аламыз**)

Күз мезгілінен соң қай мезгіл келеді? (**Қыс**)

Ал енді балалар күзге байланысты тақпақтарды айтайық.

Айназым:

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Жәмила:

Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көк егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін.

Айкен:

Жер берді жемісті

Күз келді келісті

Күз - байлық береке

Алтын күз - мереке.

Жан:

Күзім-ау, күзім-ау

Мінезің бұзық-ау

Жаңбырың сіркіреп

Келгенің қызық-ау.

Медина:

Сап-сары маңай

Сап-сары тоғай

Күзгі әнін айтып

Құс кетіп қайтып.

Айзере:

Сары ала тонын жамылған

Күз атамыз секілді

Қойны толы дәмді нан
Тәттісі көп әр түрлі.

Нұрболат:

Мен өрікпін өрікпін
Бау бақшаға көрікпін.

Ахмад:

Қуандырып біздерді
Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Сол кезде саңырауқұлақ келеді.

- Сәлеметсіздерме балалар мен сіздерді құтықтауға келдім.

Алтын күз әсем айналам

Еліне береке сыйлаған

Саңырауқұлақ: Алтын күз қайда?

Мен мұндамын. Сәлеметсіздерме!

Береке бақыт дамыған

Жомарт көңіл жарқын күз

Сары алтынға малынған

Алтын күз деген мен болам.

Мен сендерге көп ойыншықтар алып келдім.

Ал енді балалар күзге байланысты жұмбақтар жасырамыз.

Сендер шешіндер.

Жиып- теріп болатын

Қанбаға астық толатын

Қызыл қырман ойнайтын

Қай мезгілде болатын? **(Күз)**

Ағайынды бәрі

Шықса жасыл түссе сары. **(Жапырақ)**

Гүлдейді құлаққа

Оны ешкім көрмейді. **(Жел)**

Жабағыны ұшырдым

Жерге моншақ түсірдім. **(Жаңбыр)**

Аспай піскен

Қайнамай түскен. **(Жеміс)**

Бақшада піседі

Көп өнім береді. **(Көкөніс)**

Сергіту сәті:

Жел тұрды

Аспан бұлттанды

Жаңбыр жауды

Күн шықты

Жер басылды.

Тәрбиеші: Ал балалар біз бүгін қонақтарға үйшік ертегісін сақналап берейік.

«Үйшік» ертегісін сахналайды.

Ой керемет балалар, сендер ертегіні жақсы сахналадыңдар.

Мен сендерге дәмін тап ойынын ойнатқым келіп тұр.

Ойынды ойнайды.

Енді балалардың өнеріне кезек берейік.

Би: Шөжелерім.

Ән: Топ-топ балақан

Осымен **Алтынын шашып, күз келді.** мерекесі аяқталды. Алтындай уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін балалардың, ұжымның атынан алғысымызды білдіреміз.

Келесі кездескенше сау болыңыздар.



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілік

Мақсаты:

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу.

Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әнімен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

«Тәуелсіздік-тұғырым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

- Әнұранды орындау.

Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің тұңғыш елбасы кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жақсы балалар.

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

Тәрбиеші: Мұз жастанып азаматтық жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында.

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып

Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!

Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап желбіреп тұр.

Тәрбиеші: Бақытым Республикам Қазақстан

Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан

Соған жетпес құшағы әлемнің де

Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Жанерке

Отанның қасиетті тілін сүйем,

Отанның қасиетті күнін сүйем.

Отан, Отан, Отан!

Бәрінен де биік екен!

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Әмір

Бейбіт таңдар арайлап атады,
Туған жерді аймалайды шапағы.
Байтақ елім-ұлы Қазақстаным!
Ең бақытты балалардың Отаны.

Асылай

Қазақстан - азат елім,
Таңғажайып туған жерім.
Тек сен үшін мақтанамын,
Қазақстан – елім менің.
Астана арман қала,
Бағы бір жанған қала
Тұрасың жап-жас болып,
Мен үлкен болғанда да

Мадияр

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Дария

Отан деген – атамекен
Отан деген – туған жер.
Отан – ана, Отан – үлкен.
Қазақстан – туған ел

Тәрбиеші: Отан оттанда ыстық дегендей, Отан үшін жанын берген аға – әпкелерімізге арнап топ
ұлдарының орындауында «**Алға Қазағым**» биін қабыл алыңыздар!

Би «Алға Қазағым»

Тәрбиеші: Рәміздерім елдігімнің белгісі

Білу керек баладағы ең кіші
Әнұран, Ту, Елтаң ба

Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.

- Балалар рәміздерімізді кім атап береді?

Дұрыс айтасындар балалар? Ортаға рәміздер туралы тақпақтарын айтуға Рамазан. Нұржігіт.Зерде
келе қойындар.

Инара

Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

Мирас

Құт береке шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ,
Екі жақтан көмкерген.

Алихан

Тәуелсіздік жолында,
Талай-талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім - Елтаңбам

Әнші қызымыз Инараның орындауында «Бала тілегі» әнін қабыл алыңыздар.

Келесі тақпақтарын айтуға балалар

Темірлан

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой,
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік ұлы той.

Жәмила

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Жан

Көк аспандай тулайтын,
Желтоқсанның күні бұл.
Елім деген ұлдардың,
Елжірейтін күні бұл.

Айназым

Өзімдікі туымда,
От пен ауа суымда.
Жаса Қазақстаным,
Белді бекем буында!

Тәрбиеші:

Тал шыбықтай бұралған
Қазағымның қыздары-ай
Сүйсіндірген биімен
Өнерлі ғой қыздар—ай - деп

«Қазақстан-бақытты балалардың Отаны» биін тамашалыңыздар!

Тәрбиеші:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.

Тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтады,

Медина

Бақыт құсы қонды ғой,
Менің туған жеріме.
Тіліміз бен дініміз,
Қайта келді еліме.

Айкен

Тәуелсіздік туымыз,
Тәуелсіздік сырымыз.
Арналады тек саған,
Өн менен күй жырымыз.

Айзере

Аялап ару ананы
Өсірген еркін баланы
Бесігін бөлеп тербеткен
Отаным Қазақстаным

Ахмад

Отан менің ата-анам,
Отан досым,бауырым.
Отан өлкем,астанам,
Отан туған ауылым.

Жанерке

Ер еңбегі шалқып тасқан,
Ел өркендеп бақыт тапқан.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Тәрбиеші:

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.

Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.
Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

деп **Қадыр Мырза Әли** ағамыз жырлағандай ана тілімізді құрметтеп балаларымыз заман талабына сай өзге тілді де меңгеріп жатыр.

Инара, Алихан.

Бота. Күтпеген сәт: Баланың түсі

Бала (Мирас): Әже, әже шыраққа қарашы ұстап алайықшы.

Әже: біссімілла неге шошындың бала?

Бала: Әже, әже көп түс көрдім, әже көп жарық күнді көрдім.

Әже: Е балам, ол сенің бақытың балам, Тәуелсіздігіміздің мәңгі жарық күні. Балам бара ғой, жолдастарыңнан сүйінші сұрай ғой.

Бала: Алақай, сүйінші! Тәуелсіздіктің таңы атып келеді.

Тәрбиеші: Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай.

Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар 2. Туымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар. Осы елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.

Теңесер көкпен төбесі

Ойының биік өресі

Емендей өзі жігерлі

Қайратты қайсар Ер осы!

Тәрбиеші: Енді міне біз тәуелсіз ел болдық.

Басқалармен терезесі тең болдық

Өрқашанда біз дайынбыз тайсалмай

Отан үшін болуға да құрбандық.

Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз

Деңсаулықпен әкелсін берекеңіз

Өзбек биін алып келген ортаңызға

Мұң бұралған бишілерді қарсы алыңыз

Биші қыздарымыздың орындауында өзбек биі «**Назюлим**» .

Орындайтындар: **Инара, Жанерке, Айназым, Айкен.**

Тәрбиеші:

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,

Кең дала, суы мөлдір, нұр тұнған жер

Көкорай белестері мақпал кілем

Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.

Атамекен әні топ балаларының орындауында қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар. «**Тәуелсіздік тұғырым**» атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет!



«Төрлет, төрлет Жаңа жыл!»

Балалардың шығуы

Балалар көңілді әуенмен ортаға шығады.

Көңілді би

Алихан: Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар және қымбатты бүлдіршіндері ! Бүгінгі Жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Инара: Бүгін сізге жырдан алқа тағайын,

Шат күлкіге толы болсын маңайың.

Мирас: Көргендер де көрмегенде арманда

Жаңа жылың құтты болсын ағайың.

Жәмила: Іңкәр, білесің бе, мен кеше ерекше түс көрдім.

Айкен: Жооқ, ол қандай түс екен?

Жан: Түсімде Аяз ата мен Ақшақар біздің мерекелік кешімізге жолға шыққалы жатыр екен. Ал олардың жанында сыйлықтарды әзірлеп ергежейлілер жүрді. Өзің көріп тұрғандай ортамызға ергежейлілер келді. Мүмкін Аяз ата мен Ақшақарда келіп қалған шығар?!

Дария: Олай болса, Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық!!! (Музыкамен

Аяз ата мен Ақшақар кіреді)

Аяз ата:

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.

Сыңғырлашы сырнайым,

Жаңа жылды жырлайың.

Шашбаулы қыз сырғалы,

Ақша қарды тыңдайық.

Ақшақар:

Амансыздар ма, балалар, қонақтар, ата-аналар! Өздеріңді сағынып келдік, Жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Өтіп кеткен тышқан жылына аман-есен саулық тілеп, келер жылымыз Сиыр жылына табыс, береке, бірлік әкелсін, тарихи жыл болсын деймін.

Хор: «Кел, Жаңа жыл»

Аяз ата: Балалар біз алыс жолдан арнайы сендердің жаңа жылдық кештеріңе келдік, сендердің мерекеге арналған көңілді әндеріңді тыңдағымыз келіп тұр. Бірақ, ...шыршамыз көңілсіз ғой, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Барлығы: Қуант, бізді, таңырқат

Шамдарыңды жарқырат! **(Дайындау Би:** «Көңілді ергежейлілер»

Асылай: Аяз ата біздің балалардың бойында өнерлері көөп!

Жаңа жыл жаңа жыл

Қош келдің тағы да

Дайындап жаңа жыр

Біз күттік тағы да

Би: «Көңілді ергежейлілер»

Балалардың жыр шумақтарын қабыл алыңыздар!

Нұрболат: Скажем громко: «Раз, два, три,

Ну-ка, елочка, гори».

Дружно встанем в хоровод,

Вместе встретим Новый год!

Теірлан: Что за праздник у

ворот? Новый год, Новый год!

Кто подарки нам принес?

Это Дедушка Мороз!

Дария: О, алақай, Аяз ата,

Келе жатыр алыстан!

Құтты болсын, құтты болсын

Құтты болсын жаңа жыл!

Айназым: Тауда туып

Тауда өсіп

Шырша келді ортаға

Қандай әсем шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Нұрболат:

Келді, келді жаңа жыл

Қуанып қарсы ала біл

Аяз ата сыйлығын

Алайық айтып жаңа жыр

Малика:

Дөңгеленіп тұрайық,

Ойын сауық құрайық.

Ән шашуы шашылсын,

Жаңа жылға лайық!

Хор: «В гости к елке мы пришли

Сикырлы әуен қосылып, залдың шамдары өшеді. Залдың шамдары қайта қосылады. Залға Мұз ханшайымы кіріп келеді.

Мұз ханшайымы: Мен Мұз ханшайымымын, ұлы сиқыршы мен болам. Мен сендердің дауыстарыңды естіп осында келдім. Мұнда не шу, не жиын? Дереу барлығын тоқтатыңдар!

Әмір: Сәлеметсіз бе! Біз Жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз!

(Дайындау Би: «Гусар

Мұз ханшайымы: Жаңа жылды менсіз тойлап жатыр екенсіңдер ғой?! Олай болса мен сендердің мерекелеріңнің шырқын бұзамын. Барлықтарыңды мұзға айналдырамын. Ха-ха-ха!

Балалар: ЖО-ЖО-ЖОҚ!

Бекжан: Мұз ханшайымы, оданда сіз біздің мерекелік кешіміздің қонағы болсаңызшы?!

Мұз ханшайымы: Маған сендердің кештеріңнен қандай пайда бар? Мен көңіл көтергенді ұнатпаймын. Барлығы менен қорқып қашып кетеді.

Ахмад: Біз сізден қорықпаймыз, керісінше көңіліңді көтергіміз келеді. Олай болса біздің әнімізді қабыл алыңыздар!

Хор: «Жаңа жыл»

Би: «Гусар»

Инара: Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағылған,

Міне, сұлу шыршамыз.

Көптен күтіт, сағынған,

Кел, балалар, келіндер,

Тамашаны көріңдер.

Жан: Жаңа жылды қарсы алдың, Мініп алып күймеге.

Мен де бүгін ән салдым,

Араластым биге де.

Алихан: Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей

Қызыл ала шапаны

Сағындым аяз атаны

Мадияр: Айналамда ұшып жүр

Ақ мамық қар себелеп

Қалт – құлт еткен бейне бір,

Ақ қанатты көбелек

Айкен: Жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңа жылда-жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Жадырап бар бала жүр.

Мүз ханшайымы: Ой, балалар, керемет, сендер менің көңілімді көтеріп тастадыңдар ғой, сендерге рахмет. Мен енді зұлым істерімді жасамаймын. Ешбір зиянымды тигізбеймін. Менде сендермен бірге жаңа жылдық кешке қатысып көңіл көтергім келеді, сендер келісесіңдер ме?!

Балалар: Әрине келісеміз!

Дайындау Би: «Шырша ойыншықтары»

Асылай:

Әнші де құс үні бар,

Кірсең кештің сәні бар.

Салайықшы шарықтап.

Жаңа жылдың әніне

Ал ағайын тұрмайық

Жаңа жылды жырлайық.

«Өркен» тобының әсем әнін қабыл алыңыздар! **«Саночки»** әні

Би: «Шырша ойыншықтары»

Айзере: Дедушка Мороз!

Волшебство ты нам принес.

Самый добрый ты на свете,

Самый лучший на планете!

Хор: «Жаңа жаңа жыл»

Мүз ханшайымымен қоштасу

Аяз ата сөзі: Балалар! Жарайсыңдар! Өте өнерлі екенсіңдер! Енді менің сендерге арқалап келген мерекелік сыйлықтарымды қабыл алыңдар! Алда келе жатқан 2023 жыл берекелі, ырысты жыл болсын! Жаңа жылда жолыққанша сау болыңдар!

Жан: Құрметті ата-аналар, қонақтар Жаңа жыл мерекесіне арналған **«Төрлет, төрлет Жаңа жыл!»** атты кешіміз осымен аяқталды!!!

Жәмила: Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!



«Аман болын бар әлемде аналар!» атты ертеңгілік сценарий

Ортаға балалар жүрекшемен кіреді.

Бекжан:

«Бар жақсылық күллі әлемге тараған

Аналардың ақ нұрынан жаралға

Құтты болсын мерекеміз бүгінгі,

Ардақты аналарымызға арналған

— дей отырып қадырлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Алихан:

Аналарды сүйеміз!

Сөзін ойға түйеміз.

Әрқашан біз ардақтап,

Әжеге бас иеміз!

Сенен өскен балалар-

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті апа, аналар!

Тақпақтар

Инара:

Жылылықтан жаралған,

Құшағы оның таң мекен

Менің айдай амамнан

Асқан сұлу бар мекен.

Темірлан:

Бізді өсірген баптаған

Жақсы болсаң шаттанған

Алтыным деп мақтаған

Айналайын ақ мамам!

Жанерке:

Жүзімізге қараңыз

Бала күлкі баламыз

Бізге қымбат күншуақ

Бізге қымбат анамыз

Малика:

Теңдесі жоқ данасың,

Арқа тұтар панасың.

Еңбегінді ақтаймын,

Аман болшы анашым!

Ахмад:

Айналайын ақ мамам.

Балапанын мақтаған

Анам барда әрдайым,

Қуанамын шаттанам.

«Апатайым анашым» әні

Тәрбиеші : Құрметті біздің әжелер мен аналар бүгін біз мерекеде сіздерді демалу үшін шақырдық.

Айтыңыздаршы құрметті аналар сіздер үйде демаласыздар ма?

Білесіздер ме біз бұл сұрақты балаларға қойып көргенбіз, тыңдайықшы олар не деп айтар екен.

Соңғы сұрақтардың нәтижесінде аналарымыз теледидар көріп демалғанды жақсы көреді екен.

Сіздердің жұмыстарыңыз қиын, үй тазалау, тамақ жасау, кір жуу, балаларды мектепке апару бірақ сіздер өздеріңіздің сүйікті телебағдарламаларыңызды көруді ұмытпайсыздар. Иә, ендеше, біздің балалар сіздерге қажетті бағдарламалар дайындап қойған сияқты. Телеэкран алдына жақындап, күшті көңіл-күймен бағдарламаны тамашалауыңызды сұраймыз.

Дария:

1.Сегізінші наурызға,
Сыйлаймыз деп сыйлықты
Анамызға іздедік:
Әтірме, помадама, Каробка кәмпетпе,
Әдемі откриткама, бәйшешек гүліме
Мүмкін брошка деп шештік
Барлық дүкенді араладық,
Сыйлық жоққой таңқалаларлық.

Жан:

2.Көп ойландық, сыйлықты іздедік,
Айтыңдаршы қай дүкенді көрмедік. Иә, иә,иә
Джакузиге ақша жоқ,
Турцияға да билет ала алмадық,
Мерседеске әкем ақша бермеді,
Не сыйлаймыз аналарға біз енді.

Барлығы: Балабақша телеарнасына билет.

Жүргізуші: Бүгін тек сіздер үшін «Жеті қазына » балабақшасы №1 «Балалапан»

Телеарнасы жұмыс жасайды.

Мерекелік бағдарламамызда «Анамыздың мейрімді жүрегі» және оның жүргізушісі:

Асылай:

Сіздерден өскен балалар

Батырлармен даналар

Мерекені бастайық

Құрметті аналар!

Теледидар қосайық,

Әсем әуен көңіл күймен

Балалар биін тамашалайық!

«Испан » биі

Нұрқанат: Сіздермен «Бала жүрегі» бағдарламасының жүргізушісі:Бақытбек Рахымжан

Біздің сүйікті, асыл аналарымыз, көктем көзін сіздермен бірге мейрімді етіп ашуда, Сіздердің

мейрімдеріңіз жүрек жылытады . Бүгін сіздерді меркелік бағдарламадан «Балапан » тобының

тәрбиеленушілері құттықтауда, қазір тікелей эфирден олардың құттықтауларын қабыл алыңыздар.

«Тікелей эфир» видео корсетілім.

Жанерке:

Эфирде «Сен сұлу» бағдарламасы оның жүргізушісі Бақытжан Мағжан

Мерекеді бүгінгі, Бреттегі көйлекті,

Парижский модамен үлгі етіп киеміз,

Бізді ең сұлу, әдемі, пренцесса деңіз.

Өспей жатып біздің қыздар

Теребует модалар

Ұйқтағанша сәнденіп,

тобымызда әндетіп,

Бір – бірінің шашын тарап,

Тұрады күні бойы айнаға қарап.

Тәрбиеші:

Мінекей көктемде келіп қалды, біздің аналарымызға киімдерін ауыстыру керек. Біз қазір 2022 жылғы жаңа тенденциялық молаларды назарларыңызға ұсына отырып көрсетеміз.

1 Модель. Ана- үйбикесі: Қажетті атрибут ол әдемі – алжапқыш, осы алжапқыш аналарымызға жақсы көңіл күй келтіре тырып, дәмді ас дайындауға мүмкіндік береді. Басына киетін баскиімі, әдемі, сәнді.

2 Модель. Бұл сәнді киім әжелелерімізге көбірек жақын, олар немелерімен қыдырғанда үстіне жеңіл спартивка, аяғы адидас красовкасын киіп алса,қартаюдан құтылады және арықтауға көмектеседі.

3 Модель: Әжемізгеде, анамызға да және барлық экзотикалық елдерге демалғысы келген кісілерге арналған. Жеңіл шорты- фигураларыңыздың әдемілігін, ашық түсті футболка – экзотикалық табиғат суретінмен таң қалдырады, шляпа мен көзілдірік күн сәулесінен қорғайды.

Ал енді сіздер Турцияд, дубайда дем алып шаршасаңыздар, сырты қалалалық вилла немесе дачада дем алатын болсаңыздар келесі модельімізді шақырайық. Толькл без комментариев.

Нұрболат:

Келесі Моделімізге ду қол шапалақ.

Міне бітті модный паказ,

Анамыз үшін көрсеттік біраз

Егер сұрақтар бар болса

Біз жауабын береміз.

Модница етіп жібереміз.

Хор: «Ақ мамам»

Би: «Кір жуу»

Әмір:

1. Келесі бағдарламамыз «Дастархан»

«Дастархан » бағдарламасын бастаймыз,

Балаларға арналған рецепттен қашпаймыз

Аналаларым жақындаш

Рецепт жазып тастаймыз.

2. Егер уйде жалғыз қалсаң

Келеді саған көммеке

«Батыл аспаз» қонаққа

Келіп сені ойнатады

қазанға ас қайнатады.

«Аспаздар » биі

Бала:Барша ана құтты болсын мекеніз

Әрқашан ана Сізбен беркеміз,

Ақтасақ ақ сүтінді асыл анам,

Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Деменіз біз өнерді аяп қалды.

Мезгілде біраз жерге таяп қалды

Қош болып тұрыңыздар көріскенше

Осымен бағдарламамыз аяқталды.



Тақырыбы: «Жыл басы-Наурыз »

Мақсаты: Өз Наурыз еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі екендігін және қазақ халқының шығармашылық дәстүрлері, ауыз әдебиетінің мұраларымен таныстырып, олардың тарихи маңызын түсіндіру. Халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеу арқылы оқушыларды еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді.

Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды! (Наурыз қыз музыкамен ортаға келеді)

Наурыз қыз: Сәлеметсіңдер ме, балалар, құрметті ата-аналар! Балалар, қандай мерекені тойлап жатырсыздар? Олай болса, Наурыз мейрамы құтты болсың! Ақ мол болсың!

Балалар: Сәлем бердік, біз сізге! Наурыз меркесін.

Тәрбиеші: Төрлетіндер, төрлет! Наурыз қыз.

Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.

Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше «Көктем» туралы ән шырқайық

ӘН: «Көктем келді»

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Мирас:

Наурыз тойы береке,
Наурыз тойы жыр аңыз.
Қызып дулы мереке,
Қызық думан құрамыз.

Жанерке:

Қош келіпсің Наурыз!
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың.

Алихан:

Би биледік бәріміз!
Егін өнің толықтап.
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз Наурыз!

Малика:

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды,
Қарсы алайық Наурызды.

Нұрболат:

Наурыз шаттық әніміз,
Салтанатты сәніміз.
Ән саламыз бәріміз,
Би билейміз бәріміз.

Ахмад:

Сәнді көктем нұрымен,
Наурыз тойы жырымен.
Көңіл гүлдей жайнасын.
Наурыз тойы тойлансын.

Жан:

Күттіріп келген жыл басы,
Бізбен бірге жырлашы.
Дастарханға елімнің,
Береке ырыс сыйлашы.

Айзере:

Ой,халайық,халайық,
Әсем әнге салайық.
Наурыз тойын көңілді,
Бірге қарсы алайық.

Медина:

Осыншама жақсылық,
Алып келген Наурызым.
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің.

Айкен:

Бәйшешек гүл ашады.
Мұздар сайға қашады.
Суға толып өзен көл,
Кемерінең асады.

Дария:

Құрт бауырсақ шашылып,
Наурыз тойы ашылсын.
Бір бірімен мына жұрт.
Көрімдігін асырсын.

Айназым:

Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз.
Тәтті болып жасаған,
Көжеден дәм татамыз.

Әмір:

Наурыз тойы әдемі,
Әжем еске түсірді.
Бізге арнап әдейі,
Наурыз көже пісірді.

Алихан:

Жылдын басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын,
Бүгінгі жыр әніміз.

Мадияр:

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық,бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Темірлан:

Көктем келді ,балақай,
Жасарды жер,алақай,
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Инара:

Наурыз тойы тамаша,
Наурыз тойы жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Асылай:

Наурыз бұл мереке,
Құтты болсын береке.
Қыдыр ата келсін,
Жақсы тілек әкелсін.

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсыңдар, бәрекелді.

Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс.

Наурыз мейрамында ақындар айтысы болып отырған. Ақындар жақсылық пен жамандық, суық пен жылының күресін жырлаған.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері, бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай айтыскерлерімізді қошеметтеп қарсы алайық:

Айтыс: Мадияр мен Мирас

Би: «Шабандоздар»(ұлдардың орындауында)

Өндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)

Айтысып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, наурыз мейрамың құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.

Ойын: (Асық ойыны)

Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Тәрбиеші: Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

БИ: «Қазақ биі»(қыздардың орындауында)

Тәрбиеші: Өзбекстаннан келген қонағымызды қарсы алыңыздар.

Би: «Өзбек биі»(Қапбасова Балаусаның орындауында)

Ойын: «Арқан тарту»

Тәрбиеші: Наурыз құтты болсын! Дендеріміз сау, мықты болсын! Наурыз тойы келе берсін! Барлық халық бақытты болсын, Қош ,сау болыңыздар, халайық! Көріскенші күн жарық болсын! Барлықтарыңызды Наурыз дастарханына шақырамыз. Көжеден дәм татыңыздар.

Би: «Қаражорға»(барлығы ортаға шығып билейді)





Сабақтың тақырыбы: Ынтымағы жарасқан елміз.

Сабақтың мақсаты: «ынтымақ» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.

Міндеттері:

- ынтымақ, бірлік ұғымы туралы түсініктерін кеңейту;
- достық қарым - қатынастарын нығайту;
- татулықта, бірлікте, бейбітшілікте өмір сүруге тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Тәрбиеші: Балалар, қане «Шаттық шеңберіне» тұра қояйық.

«Қазақстан - ортақ үйіміз» өлеңін айтайық.

Тілейміз – бейбіт күн

Сары, ақпыз, қарамыз,

Бәріміз де баламыз.

Бір қалада тұрамыз,

Бір мектепке барамыз,

Біз балдырған тең басқан.

Дос құшағын елге ашқан.

Тілегіміз - бейбіт күн,

Ашық болсын кең аспан.

Әңгімелеу:

Тәрбиеші: Мен сендерге, балалар «Тас пен арбакештер» деген әңгіме оқып берейін. Мұқият тыңдап отырамыз.

Тас пен арбакештер

Бір күні тауда алай - дүлей дауыл соғып, найзағай жарқылдап, шелектеп жаңбыр төкті. Осындай дүлей желден тастың бір кесегі тау соқпағына құлап түсіп, жолды бөгеп қалды.

Ертесінде жарқырап күн шықты. Жолдан екі арба көрінді. Бұл қалаға тұз бен қарамайға кетіп бара жатқан дүкенші еді. Ол жолда жатқан тасқа жақындап, итеріп көріп еді, орнынан қозғалта алмады.

- Қандай, үлкен кесек! Мынаны орнынан қозғалту мүмкін емес. Бәлкім, менен де күштірек біреу келіп, төменге лақтырып тастар, күте тұрайын.

Бірір уақыт өткеннен кейін арбамен келе жатқан отыншы көрінді. Олда тасқа келіп, ары - бері итеріп көріп еді, орнынан қозғалта алмады.

- Енді не істейсің, күте тұрайық, мүмкін бізден де күшті біреу келіп, жолды тазартар.

Уақыт зуылдап өте берді. Жолда арбакештер бірінен соң бірі келіп, үлкен керуен болып қалды.

Топтанған адамдар шуылдап, тасты қозғалта алмады. Бір кезде қолында таяғы бар, жаяу қарт адам көрінді. Ол арбакештермен амандасып, жөн сұрады.

- Сендер неге өтпей тұрсындар?- деді қария.

- Қалай өтеміз?

- Ақылмен.

- Бұған ақылдың не қажеті бар?- деді арбакештер ашуланып.

- біз қанша әуреленсек те, ешқайсымыз тасты қозғай алмадық. Ал сендер тасты бәрің бірігіп, қозғап көрдіңдер ме?

- Расында да! Қане, жігіттер, бәріміз бірігіп итеріп жіберейікші!

Арбакештер бәрі бірігіп, жиналып тасты төменге итеріп жіберді. Дәу тас гүрс етіп, төменге құлап түсті. Жол босап, арбакештер ары қарай жүре бастады.

Сұрақ: Қалай ойлайсындар, балалар арбакештер неге тасты өздері итеріп жібермеді. Оларға не жетпеді?

Тәрбиешінің толықтыруы: Арбакештер алғашқыда тосылып тұрып қалды. Олар бір - бірлеп тасты итере алмады. Сол кезде оларға ақылды қария көмекке келді. Қарияның ақылының арқасында олар тасты төменге итеріп жіберіп жолды тазартты.

Міне, балалар ауызбірліктің арқасында үлкеннің ақылын тыңдағаннан, олар бірігіп, жұмыла көтеріп

тасты ап тастады.. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз осыдан қалған екен.

Қазақ ертегісі «Ырыс алды - ынтымақ»

Баяғыда бір ақылды қария болыпты, оның тоғыз ұлы бар екен. Бірақ балалары әкесінің ақылын тыңдамай, әрқайсысы өз бетінше жүріп - тұрыпты. Олардың бұл қылығын айналасындағы көршілері күлкі етеді екен. Үлкені кішісін сабайды, кішісі үлкеніне ажырая қарайды. Бірлігі жоқ тоғыз баласын қалай ақылға салам деп қария көп ойланады. Айласы таусылған қария тоғайдан бір құшақ тобылғы әкеліп, балаларын түгел шақырып алады. Сонан соң:

- Қане, балаларым, күштеріңді сынап көрейін, мына тобылғыны тобымен сындырыңдар,- дейді.

Тоғыз ұл кезектесіп күштерін сынайды. Буылған бір құшақ тобылғыны ешқайсысы сындыра алмайды, әбден титықтап шаршайды.

Қария енді тобылғының бауын шешіп:

- Енді бір - бірлеп сындырып көріңдер,- дейді.

Балалары тобылғыны сол заматта - ақ сындырып тастайды. «Міне, сындырдық»,- деп мақтанады.

Шал балаларын отырғызып қойып сөзін бастайды:

- Мен сендердің келешектеріңді ойлап қапа боламын. Дұшпандарың көп, достарың жоқ, бір - біріңе қас болсаңдар ертеңгі күні еңдерді де жаңағы тобылғы ұқсатып сындырып тастайды, жан - жаққа шашырап кетесіңдер ау деп ойлаймын депті. Ал тату болып, бір - бірінді қамқорлап, көмектесіп жүрсеңдер буылған тобылғыдай сендерді ешкімде сындыра алмайды. Ауызбірлікте болып, тату жүргендеріңді қалаймын дейді қарт. Көп ұзамай қарт дүниеден өтеді. Балалары бар тіршілік, қиыншылық өздеріне түскенін түсініп, ақылға келіп, бірлесіп тіршілік етуге көшеді. Бір - бірлеріне көмектесіп, татулықта өмір сүре бастайды. Содан соң бұлардың жағдайлары жақсарып, тұрмыстары түзеліп қалады. «Ырыс алды - ынтымақ» деген сөз осыдан қалған екен.

Сұрақ: Қарияның балалары неге буылған тобылғыны сындыра алмады?

Тәрбиешінің түсіндірмесі:

Шығармада қарияның балалары ауызбірліктері жоқ, әркімге күлкі болып, бет - бетімен кеткен еді.

Қария ойлана келіп балаларын ақылмен, бірлесіп, ынтымақта өмір сүруге шақырды. Балалары әкелерінің айтқанын тыңдап, бір - бірімен тату болып, бірлесіп еңбек етіп, әкелерінің өсиетін орындапты. Осылайша олар кездескен қиыншылықтарды жеңіп, ауызбірліктерінің арқасында жақсы жетістіктерге жетіпті. Міне, әркімге күлкі болмай, жақсы өмір сүру үшін, татулық, бірлік, бір - бірін сыйлау керек екен.

Ойын «Қазақстанда тұратын халықтар»

Балалар шеңберге тұрып, бір - біріне допты лақтыру арқылы Қазақстанда тұратын халықтарды атайды.

Әңгімелесу:

- Біз қай елде тұрамыз?

- сендердің туыстарыңның, көршілеріңнің, достарыңның арасында басқа ұлт өкілдері барма?

Тәрбиеші:

- Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда көптеген халықтар тұрады, олар бір - бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанды олар өз жерім, өз елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатыр. 1 - мамыр - Ынтымақ, Бейбітшілік, Бірлік күні. Ертең біз осы бірлік күнін тойлаймыз. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің салт - дәстүрлерін, ән - жырларын көрсетеді.

Президентіміз, елімізді бірлікке, ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады.

Сондықтан біз елімізді «Ынтымағы жарасқан ел»деп айтсақ артық айтқандық емес.

Дәйек сөз:

«Ырыс алды - ынтымақ» деген бүгінгі біздің сабағымыздың дәйек сөзі шығады, балалар.

- Ынтымақ болса, бірлік болады, бірлік бар жерде тірлік болады, балалар. Сыйластық, ынтымақ бар жерге, ырыс, береке қонады. Сондықтан да халқымыз:»Ырыс алды - ынтымақ»деп тегін айтпаған.

Дәптермен жұмыс:

Ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін атап, бояйды

Қорытындылау:

Тәрбиеші: балалар, біз бүгін ынтымақ, ауызбірлік, ұйымшылдық, достық туралы әңгімеледік.

Осындай татулығымыздың арқасында, достығымыздың арқасында, ауызбіршіліктің арқасында барлық мәселелерді оңай шешуге болатынын түсіндік.

Отанымыздың көп ұлтты екенін, ондағы халықтардың достығы, татулығы туралы, киімдері, салт - дәстүрлері туралы білдік.

Олай болса, балалар, бірлігіміз, ынтымағымыз жарасқан, егеменді елміз деп айтуға әбден болады екен. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деп, бейбітшілік мәңгілік орнасын деп «Ақ көгершін»әнін айта қояйық.

Жүректен – жүрекке:

Ақ көгершін

Өлеңі: Н. Баймұхамедов

Әні: А. Жұбанов

Ақ көгершін, көгершін,



Тақырыбы: Аталарымызға мың тағзым! Жеңіс күні

Мақсаты: Балаларға Ұлы Отан соғысы, жеңіс, ерлік, батырлық туралы түсінік, ұғым беру білімдерін жетілдіру. Отанды қорғауға, сүйіспеншілікпен қарауға, сүйуге, үлкенді құрметтеуге, Отан үшін шайқасқа түскен аға-апаларымыздың рухына бас июге, үлкенге- ізет, кішіге-қызмет етуге адамгершілікке тәрбиелеу. Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу.

1-жүргізуші: Жеңіс күні 9-мамыр бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен домасында қайсарлықпен шайқасқан. Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

Жүргізуші: Аз емес зар жылаған, етілген жан,

Аз емес өшкен өмір, төгілген қан,

Кеудеге зілді қасірет салды соғыс.

Қирады талай арман көңілге алған

Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдиновт.б. және де өз жерлестерімізде бар. Осы кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағалармыз бен апаларымыздың рухына бас иіп еске алайық. Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан боздақтарымызды бір сәт үнсіздікпен еске алайық.

(1 мин үнсіздік)

Жүргізуші: 1941жылы 22 маусым күні таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге дұма болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

Ұлы отан соғысы басталды. Отанымыздың басына ауыр күндер туды.

Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қанша бала жетім қалды., қанша ана жесір қалды, қаншамақыршын боздақтарымыз Отан үшін өмірін қиды. Биыл міне, сол жеңіске де 74 жыл толыпты. Қазір біздің балалардың жеңіс күніне арнап дайындаған ертеңгілігін тамашалаңыздар.

Тоғызыншы мамырда

Гүл қоям алау-қабырға

Еске алып атамды

Үн қосамын добырға

Біз Отанның бақытты баласымыз

Ертең елдің қорғаны панамыз.

Жеңіс, алақай жеңіс!

Жасасын жеңіс

Болмасын соғыс

Болмасын соғыс Болмасын

Бауыржан, Мәлік, Талғаттар

Сүйікті болып қалды аттар

Олар аттас қаншама

Сәби бар, шәірт, солдат бар

Би: «Сарбаздар»

Жүргізуші: Осы сұрапыл соғыста ер азаматтар мен біздей біздің апаларымызда өздерінің естен кетпес ерліктерін көрсетіп, Отан үшін қан майданда жараланған солдаттардың жанын сақтап өз көмектерін аяған жоқ..... соғыстың өзі өрімдей жап жас Әлия мен Мәншүк қыздарымызды ала кетті. Мәншүк 19 жасқа келгенде соғысқа аттанды. Ол пулметші, мерген болған Мәншүк ерлікпен қаза болды, ел үшін отқа түсіп, жас өмірін Отан үшін қиды.

Алаулап гүл тұрады

Туған жер құлпырады

Бейбітшілік болса

Түрленіп бақша-бағы
Тірлік те жақсарады
Бейбітшілік болса!
Үйлер де құламайды
Ешкімде жыламайды.
Бейбітшілік болса!
Балалар болады аман,
Бейбітшілік болса! –деп дана халқым тегін айтпаған.

Атамнан да сұрадым
Көкемнен де сұрадым
Ағамнан да сұрадым
Апамнан да сұрадым
Тосты бәрі құлағын,
Дұрыс десті сұрағың!
Бейбіт күні бәрі де,
Жеңіс күні шырағым
Достық бізге тым ыстық
Бірлік байлық, ырыс-құт
Жарқырасын күніміз
Жаса-жаса тыныштық!
Үйлер де құламайды
Ешкім де жыламайды
Бейбітшілік болса
Балалар болады аман
Аналар болады аман
Бейбітшілік болса
Тастар көкке атылды
Орман шулап тау құлап
Жиырма сегіз батырды
Жеңе алмады жау бірақ

Жамылды жер тұманды
Өрт імінде қалды бақ
Жиырма сегіз қыранды
Жеңе алмады жау бірақ.

Қазақтың қамы үшін
Жүрегі ауырған
Елінің намысы
Қорғаған Бауыржан
Өр бөбеш Бауыржан
Өлең: «Катюша»
Жүргізуші:
Елге қауіп төнбесін,
..... адам өлмесін!
Есен аман болайық
Енді соғыс болмасын!
Өртенбесін туған ел!
Шайқалмасын асқар бел!
Шайқалмасын шалқар көл!

Жүргізуші: Балалар, біз аға-апаларымыз үшін қарыздарымыз. Отан үшін жанын аямай, орасан зор қайсарлық, батырлық, ерлік көрсеткен ержүрек батырларды бүгінгі күнде еске алу, ұмытпай есімдерін тарихта жаңғыртып отыру сіздердің және біздердің парызымыз!
Ешқашанда енді соғыс болмасыншы

Тек қана елге амандық бейбіт болып әрбіз күніміз береке тола берсін жылымыз биіктерге тұрсын
мәңгі желбіреп көк аспанмен түстес біздің туымыз деп құрметті мекеме қызметкерлері, балалар
осымен мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз!
Сау болыңыздар!



Тақырыбы: «Білім деген теңізге, дайындықпен барамын ! »

Мақсаты: 1. Мектепалды дайындық тобыннан жыл бойы алған білімдерің, үйренген жұмыстарының нәтижесін көрсету. 2. Балалардың сөздік қорын, тілін, ой-өрісін, кенейтіп дамыту. 3. Ұжымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

к/құралдар: безендірілген зал, муз. аппаратура, шар, костюмдер.

Жүру барысы:

Құрметті ата-аналар қонақтар! Бір жыл бойы мектепалды даярлық тобында тәрбиеленіп, білім нәрімен сусындап, оң, солын танып, білім жолына қадам басқалы отырған бүлдіршіндеріміздің даярлық топпен қоштасу ертеңгілігіне қош келдіңіздер. Бүлдіршіндерімізге сәт-сапар тілей отырып, **Білім - теңіз, мектеп - кеме!»** атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

**Нұрлы үмітін арқалаған арқаға
Жан сәулесін таратасын баршаға
Шын пейілсін құрметімізді көрсетіп
Бүлдіршіндерді шақырымыз ортаға.**

Жүргізуші: Қоштасу тойын бастайық

Ән мен биге қостайық

Өнерімізді көрсетіп

Құрметіне бұл тойдың

Би мен шашу шашайық

«Вальс» биі

Жүргізуші: Өтті қызық көп күндер

Алты жасқа жеттіңдер

Барасыңдар мектепке

Бір белестен өттіңдер.- деп келесі кезекте балалардың тақпақтарына кезек береміз.

Инара:

Біз бақытты баламыз

Жетіліп ой-санамыз

Бақшамызбен қоштасып

Мектепке кетіп барамыз

Алихан:

Мектепке енді барамыз

Үлгілі оқушы боламыз

Жақсы оқып сабақты

Кілең бестік аламыз

Мирас:

Қызық күндер өткіздік

Дайындықтың бағында

Көп оқыдық, көп білдік

Ел мен Отан жайында

Мадияр:

Біз сабақты бастаймыз

Қайталаудан аспаймыз

Есептен де қашпаймыз

Жазуды да жазамыз

Жанерке:

Тәрбие берген ұямыз

Тәртіпті бала боламыз

Дайындықпен қоштасып

Біз мектепке барамыз

Хор: «Бөбектер» әні

Ертеңгілігімізді әрі қарай жалғастырайық кезекті балалардың тақпақтарына берейік.

Ахад: Қуанамыз, сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлі

Дайындықты қимаймыз

Қоштасатын күн бүгін

Жәмила: Бұл алғашқы қадамым,

Таудай менің талабым.

Білім нәрін алуға,

Мен мектепке барамын.

Жан: Мектепке ертең барамыз,

Оқимыз, сауық құрамыз.

Қашық емес арамыз,

Бақшаға келіп тұрамыз.

Нұрболат: Болсын кіші бойымыз,

Биікке ұшып ойымыз.

Өсіп оймен санамыз,

Өмірге жол саламыз.

Мирас: Қуантамыз, сыйлаймыз

Дайындықты қимаймыз.

Биік күзде мектепке

Біріншіге барамыз.

Жүргізуші: Биік күзде мектепке біріншіге барамыз - дегендей бүлдіршіндердің орындауында

Ән: «Біз мектепке барамыз»

Жүргізуші: Сендерге көп рахмет.

Көңілді өскен баламыз

Шырқатып ән де саламыз

Тойымызға сән берер

Би де билей аламыз- дей келе биші қыздарымызды ортаға шақырайық.

Би: Гүлдер

Жүргізуші: Ал балалар, сендер шаршаған шығарсыңдар, ендеше бір ойын ойнаймыз ба?

Ойын: " Тез, тұратын сандар"

Шарты: Балаларға 1-10-ға дейінгі сандар беріледі, музыка тоқтағанда бір қатарға тез тұру керек.

Жүргізуші: жарайсыңдар, балалар, өте тамаша ойнайды екенсіңдер.

Өте тамаша.

Балалар бір дыбыс естіп тұрсындарма, есік қабып жатыр.

Клоун кіреді өз тапсырмаларын балалармен ойнайды

Балалар жыл бойына қандай пәндер болды? Еске түсірейік? Сендердің өте зерек, алғыр, тапқыр екендеріңді ата - анамызға және ұстаздарымызға көрсетейік.

Ал математикада біздер не үйрендік?

1. Табақта 10 алма

Данияр алды 7 алма

Сонда қалды неше алма. $10-7=3$

2. Көлден ұшты жеті қаз

Қайтып қонды екі қаз

Қонбады оның үшеуі

Кәні кім тез жетеді $7-2=5$

3. Далада тұр екі ешкі

Қорада тұр екі ешкі

Екі ешкі мен екі ешкі

Болады бардығы неше ешкі $2+2=4$

4. Тал басында тізіліп

Он жапырақ тұр енді

Жел соқты да үзіліп

Ұшып кетті біреуі
Ізінше оның жұлқынып
Түсті тағы біреуі
Тұр әлі де ілініп
Жапырақтың нешеуі? $10-2=8$

5. Есеп шығару

Қанша бала

Мүз айдында 7 бала

Асыр сап жүр, сырғанап

Сырғанамай екі бала

Жағалауда тұр қарап

Енді осы бар баланың

Санын айтсақ жарадың $7+2=9$

1. Тік төртбұрыштың қабырғалары нешеу? (4)

2. Бір аптада неше күн бар? (7)

3. Машинаның дөңгелектері нешеу? (4)

4. Қазір қай мезгіл? (көктем)

5. Бағдаршамда неше көз бар? (3)

6. 8 наурыз кімдердің мерекесі? (аналарымыздың)

Тіл дамыту.

Не білдік? Не үйрендік?

Мен сіздерге жұмбақтар жасырайын

1. Қабат-қабат қатталған,

Ақыл сөзбен апталған,

Парағы бар сөйлейтін,

Ол қазына өлмейтін. **«Кітап»**

2. Мен – ақ қалам, ақ қалам

Жазған сайын жоқ болам. **«Бор».**

3. Тіл жоқ өзінде, Сөзі бар ізінде. **(Қаламсап)**

4. Ілулі тұр кең алаң,

Керегімді мен одан,

Жазып алам көшіріп, Сүртем сосын өшіріп. **«Тақта»**

Клоун: Сауат – ашу сабағы болдама сіздерде

Ендеше кім маған әріптермен суреттегі жануарды жазып береді.

(қой, түйе, мысық, бор, ит,)

Жарайсындар, жақсы ойын ойнадық

Клоун: Бәрекемді, өте тамаша білесіндер. Осы беттен таймай болашақта елге танымал болындар.

Балалар, сендер дайындықтан алтын ұя мектепке бармас бұрын маған ант бересіндер ме?

Ол үшін біз тамаша бір ойын ойнауымыз керек. Ойынның аты: қызықты жауап **«ия, ия»**, **«жоқ, жоқ»** деген. Мен сұрақтар қоям, сендер сұрақтың жауабына қарай иә, немесе жоқ деп жауап бересіндер.

1. Мектепке біз барамыз ба?

2. Кілең бестік аламыз ба?

3. Айтқан тілді аламыз ба?

4. Ақылды бала боламыз ба?

5. Нан жеймін деп жылаймыз ба?

6. Ертеңгісін тұрамыз ба?

7. Сабақ та отырып ұйықтаймыз ба?

8. Ойыншықтармен ойнаймыз ба?

9. Екі алғанда жылаймыз ба?

10. Оқушы біз боламыз ба?

Ал, енді Ата – аналармен де «Иә, иә» «Жоқ, жоқ» ойынын ойнайық.

1. Балаңызға әрқашан тірек сіз бе?

2. Сабақ оқып, есепке сіз жүйрік сіз бе?
3. Тамағын уақытылы бересіз бе?
4. Төзімділікке сіз әр уақытта төзесіз бе?
5. Сериал көріп жатасыз ба?
6. Ұрып, нұқып үйретуге барасыз ба?
7. Оқыту мұғалімнің жұмысы деген кері тартпа сөзді айтасыз ба?
8. Сен оқыт, мен оқытып шаршадым деп ұрысуға дайынсыз ба?
9. Балаңыз үшін балаларды соғасыз ба?
10. Бала үшін асулардан асасыз ба?

Клоун: жарайсыңдар, өте жақсы. Рахмет, балалар енді мен кетейін сабаққа дайын екенсіңдер.

Жүргізуші: Айналайын гүлдерім,

Ақ шуақты күндерім

Ерекше қызық тілдерің

Естен кетпес үндерің – дей келе өткен күнге бір оралайық. Ендеше

«**Джентельмен**» биімен джентельмен ұлдарымызды қошеметпен ортаға шақырайық.

Би: «Джентельмен»

Хор: «Ата-ананы тыңдайық»

Ертенгілігімізді әрі қарай жалғастырайық кезекті балалардың тақпақтарына берейік.

Малика:

Сүйген өз қыз, өз ұлын

Бөбегім деп аянбай

Мектебім өз үйім

Апай болды анамдай

Баулап, баптап өсірген

Бұзықтық етсек кешірген

Ұмытпаймыз өзіңді

Ұмытпаймыз сөзіңді

Айназым: Ұстазға әркім басын ию

керек, Кемеңгер, ақылшым деп білу

керек Сен бүгін керемет боп кетсең

дағы Жеткізген сол ұстаз деп білу

керек

Асылай: Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,

Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын

Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз.

Шәкіртінің биікке шыңқандарын.

Медина: Биыл ғана мектептің

Табалдырығын аттадым

Әліппені қолға алып

Әріптерді жаттадым.

Айкен: Партаға алғаш отырдым

Бұдан асқан бақыт жоқ

Оқушы болдым мінекей

Ойнауға енді уақыт жоқ.

Айзере: Алтынсарин атаның

Мектебінде оқимын

Ұстазымның әр сөзін

Көңіліме тоқимын

Дария: Жақсы оқып келемін

Сабақтан да қалмаймын

Осы өлең жолдарынн

Мектебіме арнаймын

Хор «**балдырған**» әні

Жүргізуші: жарайсыңдар, балалар, өте тамаша.

Дайындығым бесігім

Қайсысын айтып берейін

Қабыл алшы әнімді

Сіздерге сыйлап кетейін- дей келе біздің бүлдіршіндеріміздің әсем әнін қарсы алыңыздар.

Хор: «**Оқуда өзат боламын**» әні

Ән: «Ұстазым»

Тәрбиеші: Айналайын, балғындар,

Алға бағыт алдыңдар.

Ертең өсіп толыңдар,

Ел мақтаны болыңдар!

Орындалсын ойларың,

Ашық болсын жолдарың

Қош,балалар,сәт сапар,

Үлгілі бәрің болыңдар

Жақсы оқып әрқашан,

Тек 5-тікті алыңдар –дей отырып, бүгінгі «Білім-теңіз, мектеп- кеме!» атты ертеңгілік кешімізді жабық деп жариялаймыз.



